

## Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ХХІ ғасырға бағдарланған мәңгілік достық пен одақтастық туралы Декларация

Декларация Москва қаласы 1998 жылғы 6 шілде. Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді.

Біз Қазақстан Республикасының Президенті мен Ресей Федерациясының Президенті ХХІ ғасыр қарсаңындағы кең ауқымды халықаралық тұрғыда екі ел арасындағы қарым-қатынастардың жай-күйі мен даму перспективаларын жан-жақты талқылай

к е л і п ,

Қазақстан мен Ресей халықтарының тығыз достық байланыстарының тарихи қалыптасқан дәстүрлері мен игі құндылықтарына сүйене отырып,

Қазақстан мен Ресей арасындағы тату көршілік қатынастарды, көп қырлы өзара іс-қимылдарды нығайту екі мемлекет халықтарының түбірлі мүдделеріне жауап беретініне, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздік ісіне қызмет ететініне кәміл сене

о т ы р ы п ,

Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының, Хельсинки Қорытынды актісінің және Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның басқа да құжаттарының халықаралық құқықтың жалпы таныған нормаларының, сондай-ақ адам құқығы саласындағы халықаралық өлшемдердің мақсаттары мен принциптеріне адалдықтарын қуаттай отырып,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде кең ауқымды ынтымақтастыққа ниеттеніп және Қазақстан мен Ресей Федерациясының Достастыққа қатысуынан туындайтын міндеттемелерін сақтауға бекем бел буып, осы Декларацияны қабылдаймыз және салтанатты түрде мәлімдейміз:

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы мәңгілік достықпен біріккен. Олар ХХІ ғасыр қарсаңында ұлттық қауіпсіздіктің, саяси тұрақтылықтың, ұлтаралық келісімінің және екі мемлекеттің де гүлденуінің кепілдігі болып табылатын осы достықты сақтауға және нығайтуға міндеттенеді.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1992 жылғы 25 мамырдағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартқа өздерінің адалдығын қуаттайды, осы Шартты екі бауырлас мемлекеттер мен халықтардың жан-жақты байланыстарының одақтастық өзара іс-қимылдарының қазіргі және кейінгі дамуының және тереңдей түсуінің мызғымас құқықтық негізі ретінде қарайды.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы кең ауқымды ынтымақтастықпен өзара сенім білдіру, тәуелсіздікті, егемендікті, аумақтық тұтастықты және мемлекеттік

шекаралардың бұзылмауы, дауларды бейбіт жолмен реттеу және күш қолданбау немесе күшпен қорқытпау, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, тең құқықтың және өзара тиімділік принциптері негізінде өздерінің қарым-қатынастарын құрады.

Ізгі көршілер ретінде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы саяси, экономикалық, әскери және басқа да салаларда бір-бірінің заңды мүдделерін жан-жақты ескеруге міндеттенеді.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы Еуразия кеңістігінде және бүкіл әлемде ахуалды жақсартуда және бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде бірлесе іс-қимыл жасап, сыртқы саясат саласында тығыз түрде ынтымақтасатын болады. Олар қалыптасып келе жатқан қарама-қайшылыққа толы әлем жағдайында топтық көзқарастарды еңсеру, халықаралық қарым-қатынастарда жаңа шекаралық сызықтар жүргізуге жол бермеу қажеттігін негізге алады.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы кез келген мемлекеттің немесе мемлекеттер тобының тарапынан өздеріне қарсы қауіп-қатерді болдырмау немесе агрессия актілеріне қарсы іс-қимыл жасау үшін өздерінің мүмкіндігі бар барлық іс-шараларды бірлесіп қабылдайтын болады және қажет болған жағдайда БҰҰ Жарғысының 51-бабына сәйкес ұжымдық қорғанысқа арналған құқықтарын жүзеге асыру тәртібімен қолғабысты қоса алғанда, бір-біріне тиісті көмек көрсетеді.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы екі елдің экономикалық интеграциясын тереңдетуге және ТМД шеңберіндегі уағдаластықтарды ескере отырып, бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру үшін жағдай жасауға қол жеткізіп, сауда-экономикалық, инвестициялық және ғылыми-техникалық салаларда өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейтетін болады.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы екі елдің отын-энергетика кешенін дамытуда, сондай-ақ энергия көздерін әлемдік рыноктарға экспорттау саласында тиімді түрде өзара іс-қимыл жасайтын болады.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы ғылымның, техниканың, жаңа технологиялардың өзара мүдделілік білдірілетін басым бағыттарында ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамытатын болады.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы еңбек көші-қонын реттеудің, жұмыс орындарының тиімді жүйесін құрудың және кадрлық әлеуетті дамытудың негізінде жұмыс істейтін ортақ еңбек рыногын қалыптастыру үшін қажетті құқықтық, экономикалық және ұйымдық жағдайлар жасайтын болады.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы біріккен көлік жүйесін қалыптастыру мен дамытуға және осы мақсаттарда жүктер мен жолаушыларды кедергісіз тасымалдау үшін қажетті құқықтық, экономикалық және ұйымдық жағдайлар жасауға зор маңыз береді.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы келісілген әлеуметтік саясат жүргізетін болады, осы мақсаттарда денсаулық сақтау мен әлеуметтік қорғаудың

ұлттық жүйелерін үйлестіреді, азаматтардың әр түрлі санаттарын зейнетақылармен, жәрдемақылармен және жеңілдіктермен қамтамасыз ету деңгейін кезең-кезеңімен теңестіру үшін күш жұмсайтын болады.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы барлық қатысушы мемлекеттердің мүдделерін қатаң түрде құрмет тұтып, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының әлеуетін мейлінше толық іске қосу мақсатында аталған құрылымды жетілдіру үшін табанды әрі мақсатты түрде жұмыс істейтін болады.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы, сондай-ақ 1996 жылғы 29 наурыздағы Кеден одағы мен Экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияны тереңдету туралы шарттың шеңберінде көп қырлы ынтымақтастықты ж а н д а н д ы р а т ы н б о л а д ы .

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді аса маңызды міндеттері бірдің бірі деп санайды. Олар өздерінің халықаралық міндеттемелері мен ұлттық заңдарына сәйкес табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану тәжірибесін алмасу, экологиялық таза технологияларды енгізу және қоршаған ортаны қорғау мен сақтау жөніндегі іс-шараларды жүргізу жолымен осы саладағы ынтымақтастықты ынталандыратын болады.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерация этникалық тегіне қарамастан қандай да бір кемсітушіліксіз, шектеусіз немесе артықшылық берместен өздерінің азаматтарының тең құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етеді. Көп ұлтты Ресей Федерациясында тұрып жатқан этникалық қазақтар және көп ұлтты Қазақстан Республикасында тұрып жатқан этникалық орыстар қазақстандық және ресейлік қоғамдардың табиғи бөлігі болып келді, болып отыр және болып қала береді.

Олар тәуелсіздік, демократия және гүлдену жолында екі мемлекеттің де дамуына лайықты үлес қосып келеді және қосатын да болады, олар екі елдің жақындасуы, стратегиялық келешекке арналған қазақстандық-ресейлік қарым-қатынастардың беріктігі факторларының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы екі ел халықтарының рухани және мәдени жақындығын сақтауға, мәдениет, ғылым, білім беру, ақпарат саласында өзара байланысты тереңдетуге жан-жақты жәрдемдесетін болады.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы ғылыми, шығармашылық және өздерінің ұлттық заңдарына сәйкес жұмыс істейтін өзге де одақтардың, қорлардың арасында кең ауқымды байланыстар орнатуға жәрдемдесетін болады.

Халықтардың мәңгілік достығы мен бауырластығы идеяларын қатаң түрде ұстанатын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы мәдениет пен ғылым қайраткерлерінің "Қазақстан мен Ресей арасындағы мәңгілік достық үшін" атты қ а у ы м д а с т ы ғ ы н қ ұ р а д ы .

Тараптар білім берудің мемлекетаралық стратегиясын қалыптастыру және студенттер мен оқушыларды оқытудың бірлескен бағдарламаларын әзірлеу,

мамандарды даярлау мен қайта даярлау, жоғары, орта арнаулы және орта білім беру туралы құжаттардың, ғылыми дәреже мен ғылыми атақ беру туралы дипломдардың баламалылығын тану негізінде ортақ білім беру мен интеллектуалдық кеңістікті сақтау жолымен білім берудің ұлттық жүйелерін жақындастыруды жан-жақты көтермелейтін б о л а д ы .

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы бірлескен оқу орындарын (Қазақ-Орыс Университеті және Орыс-Қазақ Университеті, сондай-ақ гимназиялар) к ұ р а д ы .

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы шығармашылық одақтар мен бірлестіктердің, мәдениет, әдебиет және өнер қайраткерлерінің арасында тарихи қалыптасқан байланыстар мен бірігулердің, халықтардың этникалық және тілдік ерекшеліктерін сақтаудың негізінде ортақ мәдени кеңістікті сақтап, нығайту үшін жағдай т у ғ ы з у д ы қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Өз халықтарының мызғымас достығын нығайтуды өздерінің тарихи мақсаты мен міндеті деп санайтын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Президенттері берік бейбітшілік, тұрақтылық және кепілдендірілген қауіпсіздік жағдайына ХХІ ғасыр екі мемлекет үшін де жан-жақты дамуға, экономика мен мәдениетті көтеруге кең ауқымды перспективалар ашатынына сенім білдіреді.

Мәскеу қаласында 1998 жылғы 6 шілдеде жасалды.

(Қолдары)

М а м а н д а р :

Қ а с ы м б е к о в            Б . А .

Багарова Ж.А.